

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

2022 жылғы 25 ақпан

№: AIFC-C/CFI/2021/0007 ic

«МЕТАЛЛИНВЕСТАТЫРАУ» ЖШС

Талап қоюшы

«АҚСАЙСТРОЙ-2020» ЖШС-ға

Жауапкер

қарсы

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Соттың Судьясы:

Судья Лорд Фолкс QC

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2022 жылғы 23 ақпанда берілген талап арызға сәйкес, Талап қоюшы осы Соттан Қазақстанның Халықаралық Төрелік Орталығының Төрағасы Барбара Доманн QC ханым 2021 ж. 3 қарашада хатпен №81/2021 ХТО Ісі бойынша тағайындаған дара төреші ханым Индира Елеусизова шығарған 2022 жылғы 18 ақпанда Төрелік шешімнің 44-тармағында жазылған шараларды тану және орындау туралы Бұйрық шығаруды сұрайды.
2. Шешімді оқып шығып, мен бұл арыз негізделген деген шешімге келдім. Тиісінше, мен бұйырамын:

«АКСАЙСТРОЙ-2020» ЖШС «МЕТАЛЛИНВЕСТАТЫРАУ» ЖШС төлеуге:

(1) 17 807 787 (он жеті миллион сегіз жүз жеті мың жеті жүз сексен жеті) теңге мөлшеріндегі негізгі борыш сомасы;

(2) 3 739 635 (үш миллион жеті жүз отыз тоғыз мың алты жүз отыз бес) теңге мөлшеріндегі айыппұл сомасы;

(3) төрелікте дауды шешуге байланысты шығыстардың 580 948 (бес жүз сексен мың тоғыз жүз қырық сегіз) теңге мөлшеріндегі сомасы, 58 340 (елу сегіз мың үш жүз қырық) теңге мөлшеріндегі тіркеу алымы.

2022 жылғы 11 наурыз жұма күні Нұр-Сұлтан қаласы уақыты бойынша сағат 18:00-ден кешіктірмей төлеуі тиіс, бұл осы Шешім мен Бұйрық шығарылған күннен бастап 15 күн құрайды.
3. Жауапкерге осы Бұйрық табысталған сәттен бастап 7 күн ішінде осы Бұйрықты жою туралы өтініш беру құқығы беріледі.

Сот қабылдады,

S. wan Faull



Өкілдік:

Талап қоюшының өкілі Ажгалиев Рахат мырза болды.

Жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.